

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ ҮШІН ОФИЦЕР КАДРЛАРЫН ДАЯРЛАУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 11 мамыр 1994 ж. N 496

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің офицер кадрларымен

толық жасақталмауына және оларды әртүрлі мамандықтар бойынша даярлау қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. И.С.Конев атындағы Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищесі И.С.Конев атындағы Алматы жоғары әскери училищесі болып қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің И.С.Конев атындағы Алматы жоғары әскери училищесінде:

- байланыс әскерінің командалық-тактикалық;
- инженерлік әскердің командалық-тактикалық;
- тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі офицерлер;
- ракеталық-артиллериялық қару-жарак қызметінің офицерлері;
- азық-түлік қызметінің офицерлері;
- заттай мүлік қызметінің офицерлері;

жанар-жағар май материалдары қызметінің офицерлері мамандықтары бойынша офицер кадрларын қосымша даярлау туралы ұсынысы қабылданын.

3. Оқыту жоғары және орта әскери-оқу орындарының бағдарламасы бойынша жүргізілсін, оқу мерзімі тиісінше төрт және үш жыл болсын.

4. И.С.Конев атындағы Алматы жоғары әскери училищесін бітіргендерге лейтенант офицерлік атағы беріледі және:

жоғары әскери оқу орнының бағдарламасы бойынша оқығандарға - автомобиль және бронетанк техникасын пайдалану инженері; педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі, радиоэлектросымдық байланысты пайдалану инженері мамандықтары бойынша жоғары білім туралы;

орта әскери-оқу орындарының бағдарламасы бойынша оқығандарға - автомобильдер мен қозғалтқыштарды техникалық қамту мен жөндеу жөніндегі

техник-механик; артиллериялық қару-жарақ жөніндегі техник-механик; радиотехник; сымдық байланыстың техник-электригі; тамақ дайындау және қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру технологиясы жөніндегі техник-технолог; тауартану жөніндегі, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және өткізуді ұйымдастыру жөніндегі техник-тауартанушы; органикалық емес заттардың химиялық технологиясы жөніндегі техник-технолог мамандықтары бойынша орта білім туралы диплом беріледі.

#### 5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

И.С.Конев атындағы Алматы жоғары әскери училищесінің штат кестесіне тиісті өзгертулер енгізісін;

И.С.Конев атындағы Алматы жоғары әскери училищесі туралы ереже әзірлеп, бекітсін;

аталған мамандықтар бойынша курсанттардың қажетті санын анықтасын;

жаңадан енгізілетін мамандықтар бойынша офицер кадрларын даярлау үшін қажетті оқу, материалдық және техникалық база жасасын;

1994 жылдың 1 қыркүйегінен бастап жаңадан енгізілетін мамандықтар бойынша офицер кадрларын даярлауды қолға алсын.

6. Училищені қайта құру жөніндегі 1994 жылғы шығыстар республиканың Қарулы Күштерін ұстауға көзделген қаражат шегінде жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі училищені қайта құру жұмыстарын жалғастыру үшін 1995 жылға қосымша қаражат көздейтін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі